**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының кейбір бұйрықтарына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің 2024 жылғы 16 тамыздағы № 282 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 19 тамызда № 34941 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Көлік министрі* *М. Карабаев*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар және

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Көлік министрінің
2024 жылғы 16 тамыздағы
№ 282 бұйрығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 51 бұйрығына ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10400 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік кеме тізілімінде, жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде және Кеме кітабында Ішкі су мен "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемені, сондай-ақ шағын көлемді кемені және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.";

67-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"67. Толық техникалық тозу немесе қаза болу себебінен кемені мемлекеттік тіркеуден шығарған кезде кеме кітабына және тіркеу карточкасына тиісті жазбалар жасалады.";

2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25-қосымшалар осы тізбеге 1, 2, 3, 4, 5 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 355 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11234 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру және оларды аттестаттау қағидаларында:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. "Кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметті (бұдан әрі – 1-мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.";

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"17. Осы Қағидалардың "Кемелердің командалық құрамының адамдарына диплом беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағының 3-тармақшасында көрсетілген негіздер бойынша 1-мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес 1-мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей, көрсетілетін қызметті алушыға 1-мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы хабарламаны жолдайды.

Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73 -бабына сәйкес жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға кәсіби диплом немесе бас тарту туралы дәлелді жауап береді.";

25-алып тастау;

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. "Кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – 2-мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.";

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Осы Қағидалар "Кемелердің командалық құрамының адамдарын аттестаттау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 9-тармағының 3-тармақшасында көрсетілген негіздер бойынша 2-мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіз анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес 2-мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі аяқталғанға дейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей, көрсетілетін қызметті алушыға 2-мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы хабарламаны жолдайды.

Тыңдау рәсімі Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73 -бабына сәйкес жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға кемелердің командалық құрамының адамдарына аттестаттаудан өткені туралы анықтаманы не бас тарту туралы дәлелді жауапты береді.";

45- алып тастау;

53-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"53. Емтихан аяқталғаннан кейін өтініш берушінің АЖО-ға оған ұсынылған сұрақтар, сондай-ақ таңдалған жауаптар экранға шығарылады.";

3, 6 және 7-қосымшалар осы тізбеге 23, 24 және 25-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Ішкі су жолдарымен кеме қатынасын жүзеге асыратын кемелер үшін кеме құжаттарын беру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы № 357 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11093 болып тіркелген):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 23-бабының 1-тармағына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ішкі су жолдарымен кеме қатынасын жүзеге асыратын кемелер үшін кеме құжаттарын беру және жүргізу қағидаларына:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Ішкі су жолдарымен кеме қатынасын жүзеге асыратын кемелер үшін кеме құжаттарын беру және жүргізу қағидалары (бұдан әрі-Қағидалар) "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 23-бабының 1-тармағына және " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген, ішкі су жолдарымен кеме қатынасын жүзеге асыратын кемелер үшін кеме құжаттарын беру және жүргізу және "Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлікті беру" мемлекеттік қызметті көрсету тәртібін айқындайды.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Кеменің жүзуге жарамдылығы туралы куәлікті, сыныптау куәлігін және кеменің мұнаймен, қалдық сулармен және қоқыспен ластануын болғызбау туралы куәлікті Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Теміржол және су көлігі комитеті " Қазақстан су жолдары" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының "Кеме қатынасының тіркелімі" филиалы ішкі суларда және аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерге куәландыру кезінде береді.";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Кеме журналы (вахталық журналы) мәліметтерді қамтиды:

1) кеменің тәулік бойы жұмысы;

2) гидрометеорологиялық деректер;

3) жүзіп өткен қашықтық;

4) навигациялық ахуалдың жай-күйі,

5) оқиғалар мен іс-қимылдар;

6) бас қозғалтқыштардың жұмысы;

7) бас қозғалтқыштардың жұмыс тәртібі;

8) көмекші қозғалтқыштардың жұмысы туралы мәліметтер қамтылуы тиіс.";

2-тараудың 9-параграфы алып тасталсын;

86 тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"86. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдарымен (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті беруші) көрсетіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке немесе заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге "электрондық үкіметінің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы "Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлікті беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне (бұдан әрі – "Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлікті беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі) сәйкес құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті жібереді.

Құжаттар портал арқылы жіберілген жағдайда, олар көрсетілетін қызмет алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырады.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі "Кеме экипажының ең аз құрамы туралы куәлікті беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде жазылған.";

2 және 3-қосымшалар осы тізбеге 26 және 27-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Кеме жүргізушілерін шағын көлемді кемені басқару құқығына аттестаттау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 17 сәуірдегі № 457 бұйрығына ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11528 болып тіркелген):

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-18) тармақшасына, "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы

Заңының 9-бабы 1-тармағының 26-21) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кеме жүргізушілерін шағын көлемді кемені басқару құқығына аттестаттау қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Кеме жүргізушілерін шағын көлемді кемені басқару құқығына аттестаттау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабы 3-тармағының 55-18) тармақшасына, "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 26-21) тармақшасына сәйкес және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген және шағын көлемді кемені басқару құқығына аттестаттау және "Өздігінен жүретін шағын көлемді кемені жүргізу құқығына куәлікті беру" мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайды.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Емтихан аяқталғаннан кейін өтініш берушінің АЖО-ға оған ұсынылған сұрақтар, сондай-ақ таңдалған жауаптар экранға шығарылады.";

39-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) оқу процесін ұйымдастыру үшін меншік құқығындағы немесе жалға алынған үй-жайдың болуын растайтын құжаттың көшірмелерін қоса беріп, шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі қызметтің басталуы туралы хабарламаны жібереді.

Шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстар қызметін жүзеге асырудың басталуы немесе аяқталуы туралы хабарлама "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының белгіленген тәртіппен беріледі.";

1-1 және 2-2-қосымшалар осы тізбеге 28 және 29-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
бұйрығына
1-қосымша
Кемені, оның ішінде шағын
көлемді кемені және оған
құқықтарды мемлекеттік тіркеу
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органына ___________________________________________

Территориальному органу Комитета автомобильного транспорта и транспортного контроля Министерства транспорта Республики Казахстан _______________________

Кеме иесінің толық және қысқартылған атауы, оның заңды мекенжайы, телефоны, факсы, тіркелген жері_________________________________________________________

Полное и сокращенное наименование судовладельца, его юридический адрес, телефон, факс, место регистрации ____________________________________________

**Кемені мемлекеттік тіркеуге (қайта тіркеуге) және кеме куәлігінің телнұсқасын беруге өтінім Заявление на государственную регистрацию (перерегистрацию) судна и выдачу дубликата судового свидетельства**

____________________________ тиесілі, мынадай айырма белгілері бар кемені тіркеуге, қайта тіркеуге алуыңызды, кеме куәлігінің телнұсқасын беруіңізді сұраймын ( керегін сызу):/Прошу выдать дубликат судового свидетельства, принять к регистрации, перерегистрации (необходимое подчеркнуть) судно, принадлежащее _______________, имеющее следующие отличительные признаки:

1. Кеменің атауы немесе оның нөмірі/Название судна или его номер __________
2. Түрі және мақсаты/Тип и назначение ___________________________________
3. Жобаның № жасалған жылы және жері /Проект № ___ год и место постройки _____________________________________________________________________
4. Корпусының материалы/Материал корпуса _____________________________
5. Негізгі машиналары (үлгісі, саны және жалпы қуаты)/Главные машины (тип, число и общая мощность)______________________________________________________
6. Кеменің габариттік өлшемдері: ұзындығы_____ м, ені____ м,/Габариты размера судна: длина ____ м, ширина ____ м, толық жүкпен шөгу _____ м, жүксіз шөгу ______ м, /осадка в полном грузу _____ м, осадка порожним ____ м, қондырғысымен бірге ең жоғарғы биіктігі (жүксіз, бос шөккен кезде)_____м./наибольшая высота с надстройками (от осадки порожнем)_____м.
7. Белгіленген жүккөтергіштігі ____ т. жолаушы сыйымдылығы (адам)___________/ Установленная грузоподъемность ____т. пассажировместимость (чел) ______________
8. Жүзу разряды_________________/Разряд плавания _______________________
9. Қозғаушыларының түрі_________/Род движителей _______________________
10. Руль құрылғысы (қол, механикалық, электрлік және т.с.с)_______________/ Рулевое устройство (ручное, механическое, электрическое и т.п.) __________________
11. Су өткізбейтін аралықтардың саны____________________________________/ Число водонепроницаемых переборок __________________________________________

12. Құтқару қайықтары (саны, жалпы сыйымдылығы)________________/ Спасательные шлюпки (кол-во, общая вместимость) ______________________________

13. Жүру жылдамдығы (ең жоғарғы) (км/сағ)_______________________________/ Скорость хода (максимальная) (км/час)________________________________________ _

14. Зәкірлер саны және олардың салмағы___________________________________/ Количество якорей и их вес ___________________________________________________ __

15. Радионавигациялық жабдық (атауы, үлгісі, саны)________________/ Радионавигационное оборудование (наименование, тип, число) ___________________ __

16. Су төкпе құралдары (жүйесі, өнімділігі)________________________________/ Водоотливные средства (система, производительность) ___________________________ __

17. Өрт сөндіргіш жүйесі (үлгісі, өнімділігі)_________________________________/ Пожарная система (тип, производительность) ____________________________________ __

18. Тіркеу үшін қоса берілген құжаттар_____________________________________/ Прилагаемые для регистрации документы: ______________________________________ _

19. Кеменің меншік иесінің немесе уәкілетті тұлғаның қолы /Подпись собственника судна или уполномоченного лица

_____________________________________________________

(өтінімге кім және қандай лауазымында қол қояды,

_________________________________

____________________________________ өтінімге қол қоюшы тұлғаның өкілеттік негіздемесі, Т.А.Ә., паспорттық деректері / кто и в каком качестве подписывает заявление, основание полномочий лица, подписывающего заявление, Ф.И.О., ( паспортные данные) Согласен на использования сведений, составляющих охряняемую законом тайну, содержащихся в информационных системах ___________________ "___ " ____ 20 ___ г.

___________(подпись)

Күні (заңды тұлға үшін)/Дата ____________ (для юридического лица)

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының
тізбесіне
2-қосымша

Кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу қағидаларына
3-қосымша

## "Ішкі суда жүзетін кемелерді, "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| | | |
|---|---|---|
| Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы "Ішкі суда жүзетін кемелерді, "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік кеме тізілімінде мемлекеттік тіркеу".<br>Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:<br>1) тіркеу;<br>2) қайта тіркеу;<br>3) кеме куәлігінің телнұсқасы;<br>4) кемені Мемлекеттік кеме тізілімінен шығару туралы анықтама | | |
| 1. | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдары көрсетеді (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) |
| 2. | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері | Барлық кіші түрлері бойынша: "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы. |
| 3. | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | Екі жұмыс күні |
| 4. | Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны | Барлық кіші түрлері бойынша: электрондық (ішінара автоматтандырылған). |
| 5. | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | 1. Кеме куәлігі;<br>2. Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кеме куәлігінің телнұсқасы;<br>3. Осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кемені Мемлекеттік кеме тізілімінен шығару туралы анықтама;<br>4. Оны беруден дәлелді бас тарту.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық түрде.<br>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған |

| | | |
|---|---|---|
| | | көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" жолданады және порталда сақталады. |
| 6. | Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Ақылы:<br>Шағын көлемді кемелерді мемлекеттік тіркеу, қайта тіркеу және мемлекеттік тіркеуді куәландыратын құжаттың телнұсқасын беру үшін алым тіркеуді жүзеге асыру орны бойынша жергілікті бюджетке төленеді. Алым мөлшерлемелері "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Қазақстан Республикасының кодексінде белгіленген және мыналарды:<br>1) мемлекеттік тіркеу үшін - алым төленген күні 15 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі - АЕК);<br>2) қайта тіркеу үшін - 7,5 АЕК, алымды төлеу күнін;<br>3) мемлекеттік тіркеуді куәландыратын құжаттың телнұсқасын беру үшін - алым төленген күні 3,75 АЕК-ты құрайды.<br>Алым сомасын төлеу қолма - қол және қолма-қол емес нысанда екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы немесе "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі-ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады.<br>Заңнамаға сәйкес төлеуден босату шарты (бар болса).<br>Тегін:Кемені Мемлекеттік кеме тізілімінен шығару туралы анықтама тегін негізде көрсетіледі |
| | | 1) Көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін е (бұдан әрі - Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 13.00-ден 14.30 -ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.<br>2) "Электрондық үкіметтің" веб-порталы – тәулік бойы, |

| | | |
|---|---|---|
| 7. | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда ( көрсетілетін қызметті алушының жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Кодекске сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша өтініштерді тіркеу келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады ).<br>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары:<br>Көлік министрлігінің интернет-ресурсында: www gov. kz Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті бөлімнің "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" кіші бөлімінде;<br>"электрондық үкіметтің" веб-порталында орналастырылған. |
| | | Портал:<br>1) тіркеу және қайта тіркеу ішкі суда жүзетін кемелерді және " өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді тіркеу және қайта тіркеу кезінде кеме куәлігін алу үшін:<br>электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініш;<br>кемені мемлекеттік тіркеуге негіз болып табылатын мынадай құқық белгілейтін құжаттардың бірінің электрондық көшірмесі:<br>мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде шығарған актілер;<br>Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасалған кемеге қатысты шарттар және басқа да мәмілелер;<br>мұраға құқық туралы куәлік, соттың заңды күшіне енген шешімі;<br>кемеге меншік құқығын растайтын өзге де құжаттар;<br>сыныптау куәлігінің электрондық көшірмесі;<br>ЭҮТШ арқылы төлем жағдайларын қоспағанда көлік |

| | | |
|---|---|---|
| 8. | Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | құралдарын мемлекеттік тіркеу үшін алым сомасын бюджетке төлемін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;<br>"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы " Қазақстан Республикасы Заңының 5-1-бабы 2-тармағының 11) тармақшасында, 61-4-бабында көзделген операцияны жүргізу кезінде кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы өтінішке активтер мен міндеттемелерді бір мезгілде беру туралы шарттың, екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің, активтер мен талап ету құқықтарының сапасын жақсартуға маманданған ұйымның сатып алуын көздейтін шарттың ( беру актісін немесе одан үзінді көшірмені қоса бере отырып), құқықты (талап етуді) беру туралы талап қойылған шарттың нотариалды куәландырылған көшірмесінің электрондық көшірмесі қоса берілуге тиіс;<br>кемені жеке тұлға қайта тіркеген кезде 1) тармақшада көрсетілген құжаттарға Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен ағымдағы күнтізбелік жыл үшін көлік құралына салық төленгенін растайтын құжаттың немесе оны төлеуден босату құқығын растайтын құжаттың электрондық көшірмесі қосымша қоса беріледі;<br>2) кеме куәлігінің телнұсқасын алу үшін кеме куәлігінің телнұсқасы: электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысандағы өтініш;<br>3) кемені Мемлекеттік кеме тізілімінен шығару туралы анықтама:қаза тапқан немесе хабар-ошарсыз кеткен, конструкциялық жағынан қаза тапқан немесе қайта құру немесе басқа да өзгерістер нәтижесінде |

| | | |
|---|---|---|
| | | кеме сапасын жоғалтқан, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген Қазақстан Республикасының мемлекетінің, азаматтарының және мемлекеттік емес заңды тұлғаларының меншігінде болған кемені Мемлекеттік кеме тізілімінен шығару үшін:электрондық цифрлық қолтаңбамен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысандағы өтініш;<br>осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысандағы өтініште жазылған фактілерді растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері;кемені мемлекеттік тіркеу кезінде берілген куәліктің электрондық көшірмесі. |
| 9. | Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | 1) Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің ( мәліметтердің) анық еместігін анықтау;<br>2) Көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>3) Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылуы.<br>4) Көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы.<br>5) Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, " |

| | | |
|---|---|---|
| | | Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады. |
| 10. | Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар | Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.<br>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы " жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414", 8-800-080-7777 Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. |

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
3-қосымша
Кемені, оның ішінде шағын
көлемді кемені және оған
құқықтарды мемлекеттік тіркеу
қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органы

____________________________________________________________

Территориальный орган Комитета автомобильного транспорта и транспортного контроля Министерства транспорта Республики Казахстан

____________________________________________________________

**КЕМЕ КУӘЛІГІ № ____________ СУДОВОЕ СВИДЕТЕЛЬСТВО**

________________________________________________________________________

Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті аумақтық органының Мемлекеттік кеме тізіліміндегі деректер негізінде төменде көрсетілген На основании

данных Государственного судового реестра территориального органа Комитета автомобильного транспорта и транспортного контроля ______________указанное ниже ________________ _________________________кемесі/судно принадлежит: _________ _________ тиесілі.

1. Кеменің аты немесе оның нөмірі/Название судна или его номер _____________

2. Үлгісі және міндеті/Тип и назначение ____________________________________

3. №_____ жоба жасалған жылы және орны/Проект № ____ год и место постройки

_______________________________________________________________________

4. Корпусының материалы/Материал корпуса ____________________________

5. Бас машиналары (үлгісі, саны, жалпы қуаттылығы)/Главные машины (тип, число, общая мощность) __________________

6. Кеменің габариттік өлшемі: ұзындығы ені/Габаритные размеры судна: длина ___ м, ширина ___ м толық жүкпен шөгу жүксіз бос шөгу осадка в полном грузу _______ м, осадка порожним ________ м, қондырғысымен бірге ең жоғарғы биіктігі (жүксіз, бос шөккен кезінде) наибольшая высота с надстройками (от осадки порожним) _____ м.

7. Белгіленген жүккөтергіштігі жолаушы сыйымдылығы (адам)/Установленная грузоподъемность ____ т. пассажировместимость (чел.) ___________________________

8. Жүзу разряды/Разряд плавания ________________________________________

Осы Куәлік Қазақстан Республикасының туын көтеріп кеменің жүзу құқығын куәландырады және кеменің меншіктік құқығын растайды. Настоящее Свидетельство удостоверяет право плавания судна под флагом Республики Казахстан и подтверждает право собственности на судно. Кеме куәлігінің түпнұсқасы кемеде сақталады (өздігінен жүзбейтін экипажсыз кемеде – кеме иесінде)/Судовое свидетельство хранится в подлиннике на судне (на несамоходном судне без экипажа – у судовладельца) Осы куәлікті Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органы берді _ ________________________

Настоящее свидетельство выдано территориальным органом Комитета автомобильного транспорта и транспортного контроля 20___ж./г. "___" _________

(күні/дата) (айы/месяц)

Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті ________________________

аумақтық органының басшысы/ Руководитель территориального органа Комитета автомобильного транспорта и транспортного контроля (аты-жөні/Ф.И.О)

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының
өзгерістер енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
4-қосымша
Кемені, оның ішінде шағын
көлемді кемені және оған

құқықтарды мемлекеттік тіркеу
қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органы ________________________________________________

Территориальный орган Комитета автомобильного транспорта и транспортного контроля Министерства транспорта Республики Казахстан ________________________

**Кемені мемлекеттік кеме тізілімінен шығару туралы анықтама Справка об исключении судна из государственного судового реестра**

Осы арқылы кеменің/Настоящим подтверждается, что судно
1. Атауы/Название ______________________________________________________
2. Мемлекеттік тіркеу орны/Место государственной регистрации
________________________________________________________________________
3. Тіркеу нөмірі/Регистрационный номер __________________________________
4. Мемлекеттік тіркелген күні/Дата государственной регистрации
________________________________________________________________________
5. Кеменің түрі/Тип судна ________________________________________________
6. Жасалған орны мен уақыты/Место и время постройки
________________________________________________________________________
7.Ұзындығы/Длина ______________________________________________________
8. Ені/Ширина _________________________________________________________
9. Биіктігі/Высота ______________________________________________________
10. Меншік иесі және оның мекенжайы/Собственник и его адрес
________________________________________________________________________

барлық тіркелген құқықтары мен ауыртпалықтары тоқтатыла отырып, Мемлекеттік кеме тізілімінен шығарылғандығы расталады. исключено из Государственного судового реестра с прекращением всех зарегистрированных прав и обременений. 20_____ж./г. "___"_______________________________ (күні/дата) (айы/месяц)

Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті _____________________
аумақтық органының басшысы/(аты-жөні/Ф.И.О)

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
5-қосымша
Кемені, оның ішінде шағын
көлемді кемені және оған

құқықтарды мемлекеттік тіркеу
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органына ________________________________________ _______

Территориальному органу Комитета автомобильного транспорта и транспортного контроля Министерства транспорта Республики Казахстан _______________________

Кеме иесінің толық және қысқартылған атауы, оның заңды мекенжайы, телефоны, факсы, тіркелген жері_______________________________________________________

Полное и сокращенное наименование судовладельца, его юридический адрес, телефон, факс, место регистрации ____________________________________________

Кемені тіркеуден шығаруға өтінім/Заявление на снятие с регистрации судна_______ _______________________________________________________________

(кемені мемлекеттік кеме тізілімінен шығарудың негіздемесін көрсету керек: кеме опат болуына немесе хабарсыз жоғалып кетуіне, конструкциялық жағынан күйреуіне, қайта жасауына немесе басқа өзгерістер нәтижесінде кеменің сапасын жоғалтуына, кеменің "Ішкі су көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабының 3-тармағында көзделген талаптарға сәйкес келмеуіне) байланысты В связи_____________ _____________________

(указать основание исключения судна из государственного судового реестра: гибель или пропажа без вести судна, конструктивная гибель судна, утрата качеств судна в результате перестройки или других изменений, несоответствие судна требованиям, предусмотренным пунктом 3 статьи 24 Закона Республики Казахстан "О внутреннем водном транспорте")_____

________________________________________________________________________

тиесілі, мынадай айырма белгілері бар кемені тіркеуден алып тастауды сұраймын:
Прошу снять с регистрации судно, принадлежащее _________________________,
имеющее следующие отличительные признаки:

1. Атауы/Название ______________________________________________________
2. Мемлекеттік тіркеу орны/Место государственной регистрации

________________________________________________________________________

3. Тіркеу нөмірі/Регистрационный номер _________________________________
4. Мемлекеттік тіркелген күні/Дата государственной регистрации______________
5. Кеменің түрі/Тип судна ______________________________________________
6. Жасалған орны мен уақыты/Место и время постройки_____________________
7. Ұзындығы/Длина _____________________________________________________
8. Ені/Ширина __________________________________________________________
9. Биіктігі/Высота ______________________________________________________

10. Меншік иесі және оның мекенжайы/Собственник и его адрес

______________________________________________________________________

Күні/Дата

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
6-қосымша
Кемені, оның ішінде шағын
көлемді кемені және оған
құқықтарды мемлекеттік тіркеу
қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органы __________________________________________ ______

Территориальный орган Комитета автомобильного транспорта и транспортного контроля Министерства транспорта Республики Казахстан ______________________

КЕМЕНІҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТУЫН КӨТЕРІП ЖҮЗУ ҚҰҚЫҒЫ ТУРАЛЫ УАҚЫТША КУӘЛІК ВРЕМЕННОЕ СВИДЕТЕЛЬСТВО О ПРАВЕ ПЛАВАНИЯ СУДНА ПОД ГОСУДАРСТВЕННЫМ ФЛАГОМ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Құжаттарды есепке алу кітабына 20__ "___" _____ № _________ енгізілген деректер негізінде, осы арқылы _________________________ кемесіне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік (кеменің атауы) туын көтеріп жүзуге рұқсат етілгені расталады.

На основании данных, внесенных в книгу учета документов под №____ от "__"____ _ 20___г., настоящим удостоверяется, что судну _______________ разрешается плавание под Государственным флагом (название судна) Республики Казахстан.

Куәлік 20___ "__" ______________ дейін жарамды.

Свидетельство действительно до "____"________ 20___г.

Кеме туралы мәліметтер/сведения о судне ________________________________

1. Үлгісі және мақсаты/Тип и назначение __________________________________

2. Жобаның №/№ Проекта _______________________________________________

3. Жасалған жылы және жері/Год и место постройки ________________________

4. Тіркелу порты/Порт регистрации _______________________________________

5. Бас машиналар/Главные машины ________________________________________

6. Белгіленген жүккөтергіштігі/Установленная грузоподъемность ___________т

7. Жолаушы сыйымдылығы (адам)/Пассажировместимость (чел)______________

8. Негізгі өлшемдері/Главные размеры: Ұзындығы/ Длина _____Ен/Ширина _____

9. Жүзу разряды/Разряд плавания _______

10. Егер ол бұрын шетел туын көтеріп жүзген болса кеменің бұрынғы атауы және бұрынғы тіркелген порты Прежнее название судна, если оно ранее плавало под иностранным флагом, и прежний порт регистрации

___________________________________________________________________________

Кеменің мемлекеттік тіркелуі жүзеге асырылатын порты Порт, в котором будет осуществлена государственная регистрация судна

___________________________________________________________________________

Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемесінің атауы Наименование загранучреждения Республики Казахстан

___________________________________________________________________________

Лауазымды тұлға

Должностное лицо _______________________________________________

Күні/Дата ___________________________________________ Қолы/Подпись

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму
министрінің міндетін
атқарушының өзгерістер
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
7-қосымша

Кемені, оның ішінде шағын
көлемді кемені және оған
құқықтарды мемлекеттік тіркеу
қағидаларына
8-қосымша

## "Жалға алынған ішкі суда жүзетін кемелерді және "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

| Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы "Жалға алынған ішкі суда жүзетін кемелерді және "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді жалға алынған шетелдік кемелер тізілімінде мемлекеттік тіркеу" | | |
|---|---|---|
| 1. | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитетінің аумақтық органдары (бұдан әрі-көрсетілетін қызметті беруші) |
| 2. | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері | "Электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы (бұдан әрі-портал) |
| 3. | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | Екі жұмыс күні |
| 4. | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған) |

| | | |
|---|---|---|
| 5. | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Шетелдік кемеге Қазақстан Республикасының туын көтеріп жүзу құқығын уақытша беру туралы куәлік; оны беруден дәлелді бас тарту |
| 6. | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Ақылы.<br>Жалға алынған ішкі суда жүзетін кемелерді және "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді мемлекеттік тіркегені үшін алым тіркеуді жүзеге асыру орны бойынша жергілікті бюджетке төленеді, алым мөлшерлемесі " Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Қазақстан Республикасының Кодексінде белгіленген және алымды төлеу күні қолданылатын он бес еселенген айлық есептік көрсеткішті құрайды.<br>Алым сомасын төлеу екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы немесе " электрондық үкіметтің" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы қолма-қол және қолма-қол емес нысанда жүзеге асырылады. |
